

Приречный ауылдық округінде көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Приречный ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 23 сәуірде № 8671 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 –бабына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 15 маусымдағы қорытындысы негізінде, халықтың пікірін ескере отырып, Приречный ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Приречное ауылында "Советская" көшесі "Желтоқсан" көшесі болып қайта аталсын.
2. "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Приречный ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Семей қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;
 - 3) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Семей қаласы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Әкім

Б. Джумадилов